

ГЕНДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІ ТҮРДЕ

шекаралар қауіпсіздігі мен шекара режимінің әйел мен ер қызметкерлеріне арналған нұсқаулық



Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы

СІЗ «ГЕНДЕР» ДЕГЕН СӨЗДІ ЕСТІГЕНДЕ...



Не туралы ойлайсыз? Бұл сөз сіз үшін нені білдіреді? Іштей не сезінесіз?

СІЗ ГЕНДЕРДІҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗІҢІЗДЕ АБЫРЖУ НЕМЕСЕ СЕНІМСІЗДІКТІ СЕЗІНЕСІЗ БЕ?

Мұнда таңқаларлық ештеңе жоқ. Сіз жалғыз емессіз. Бұл ұғымның анықтамалары көбінесе нақты болмайды, дұрыс аударылмайды, және ол көбіне тым күрделі және түсініксіз терминдерді пайдалана отырып талқыланады.

ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ГЕНДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ СІЗДІ АЛАҢДАТАДЫ МА?

Осы нұсқаулықта гендер нені білдіреді және ол не үшін маңызды екенін жақсы түсіну үшін қарапайым түсініктемелер беріледі.

БІРІНШІДЕН ЖЫНЫС ПЕН ГЕНДЕР АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ ТАЛҚЫЛАУДАН БАСТАЙЫҚ

Жыныс адамдардың туа біткен биологиялық, физиологиялық және анатомиялық сипаттамаларына жатады. Сіздің ер немесе әйел екеніңізге қарамастан, сізде физикалық тұрғыдан жыныстық белгілер бар. Бұл физикалық тұрғыдағы белгілер өзгермейді, бірақ хирургиялық/медициналық процедуралар нәтижесінде адамның таңдауы бойынша өзгертілуі мүмкін.



ЕНДІГІ КЕЗЕКТЕ ГЕНДЕР ТУРАЛЫ ОЙЛАНЫП КӨРЕЙІК

Оның жыныстан айырмашылығы неде?

Жаңа туған ұл немесе қыз үшін киімнің қандай түстерін таңдаймыз? Көптеген мәдениеттерде ұл үшін көк және қыз үшін қызғылт болып келетін түстер баланың жынысын білдіреді. Туған сәттен бастап қоғам әрбір жыныс үшін ненің дұрыс екенін анықтайды.

Бұл адамдардың жаңа туған ұлдар мен қыздарға қалай қарайтындығына және олар туралы не айтатынына қалай әсер етеді? Қандай сөздер мен сөйлемшелер қолданылады? Олар ұл немесе қыз үшін ерекшеленеді ме?

Гендер тіпті кішкентай баланың ойы мен қабылдауына әсер етеді: «ұлдар жыламайды», «қызымыз - ханшайым».

Сіз өмір сүріп жатқан қоғамда ұлдардың/қыздардың қандай киім кигені немесе олар қандай ойыншықтармен ойнағаны маңызды ма? Мінез-құлық ережелері мен нормалары бәріне бірдей ме? Олардың айырмашылығы неде?



Гендер дегеніміз әйелдер мен қыздардың, ерлер мен ұлдардың ролін айқындайтын мәдени, саяси және әлеуметтік тәжірибелер мен нормалар арқылы, сондай-ақ ерліктің және әйелдіктің әлеуметтік анықтамасы арқылы қоғам құрған әлеуметтік құрылым болып табылады.

Гендер әйелдер мен қыздардан, ерлер мен ұлдардан олардан өмір бойы күтілетін міндеттер мен жауапкершілікті анықтайды, және де олар тап болуы мүмкін белгілі бір кедергілерді, сондай-ақ олар пайдалана алатын артықшылықтарды белгілейді.

БҮЛ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?


Бұл дегеніміз, әрбір қоғамда әйелдер мен ерлердің мінез-құлқына, киген киіміне, жүріп-тұруына, әл-ауқатына, білім алуына және әлеуметтік жағынан қабылдарлық рөлдері мен міндеттеріне әсер ететін белгілі бір ой-пікірлер, нормалар мен түсініктер бар екенін білдіреді.



Гендер - бұл біздің бірегейлігіміздің негізгі факторы, өз-өзімізді сырттай қалай көреміз, айналамыз бізге қалай қарайды және айналадағы адамдардың қалай қарағаны бізге ұнайды, осының барлығы дерлік бізге өте қатты әсер етеді.

НЕНІ БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ?

Персод-Рейли: Гендерлік сипаттамаларының спектрі



Сыртқы шеңбер: көрінетін жыныс

Келесі: киім, дене тілі, мінез-құлық, физикалық ерекшеліктер, ұлты

Одан әрі: құндылықтар, көзқарастар, болжамдар, азаматтық

Ең кішкентай шеңбер: көрінбейтін жыныстық қатынас, жыныстық қалаулар

Көзге көрінетін гендер:

бұл бәрінің көзіне түсетін және ерлердің/әйелдердің айрықша физикалық тұрғыдағы белгілеріне негізделеді.

Онша байқалмайтын көрсеткіш:

Көзге көрінетін гендер киген киіммен, іс-қимылмен және мимикамен білінеді. Тіпті «унисекс» киімін киген жағдайда да, әйелдердің/ерлердің іс-қимылына қарап, физикалық тұрғыда өзін-өзі қалай ұстайтынына назар аударатыны айырмашылықтарды байқауға болады. Жүріс-тұрыс маңызды көрсеткіш бола алады, бұл әсіресе ерлер/әйелдер мінез-құлқының ережелері тым айрықша болған кезде байқалады (эмоцияны білдіру, бірінші кезекте тұру, үстем/бағынышты мінез-құлық және т.б.).

Шамалы байқалатын көрсеткіш:

Шамалы байқалатын көрсеткіштер көзқарастарды, жорамалдарды, ұлттарды қамтиды және олар туралы тек сөйлесу кезінде және/немесе ұзақ бақылау барысында ғана білуге болады.

Байқалмайтын гендер:

сексуалды бағдарлық (ориентация) және сексуалды қалаулар ең айқын емес жеке көрсеткіштер болып табылады. Бұл мәселе адамның жеке өміріне қатысты және адамға ер немесе әйел ұқсастығын беретін негіз болып табылады.

Сіз қандай қоғамда өмір сүріп жатқаныңызды ойлап көріңізші.

Сөйтіп мына сөйлемді аяқтаңыз:



*Мен ер адам/әйел болғандықтан,
мыналарды..... істеуім тиіс.*

Рөлдер мен міндеттер; жүріп-тұру/қозғалыс еркіндігі; жұмыс/жұмысқа орналасу; білім алу, киім кию; бос уақыт/хобби/спорт; саяси өмірдегі белсенділік; әлеуметтік/қоғамдық өмір/қоғамдық мінез-құлық пен жүріс-тұрыс туралы ойланыңыз

УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ГЕНДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН?

Өзіңіздің аталарыңыз/әжелеріңіз туралы ойлап көріңіз.

Олардың жас кезінен бастап әлеуметтік ой-пікірлері қалай өзгерді?

Атаңыз үшін қандай өмір жолдарын таңдау мүмкін болды?

- Оның өз жұмысын/мамандығын таңдауға мүмкіндігі болды ма? Ол мейіргер бола алар ма еді? Биші ше?
- Оның негізгі міндеттері қандай болды?
- Ол жарқыраған ашық түсті киім кие алды ма?
- Оған қандай білім деңгейі қолжетімді болды?
- Ол қоғамдық немесе саяси өмірге атсалысты ма?

Енді әжеңіз туралы ойлап көріңіз.

- Оған еркін түрде жүріп-тұру мүмкін болды ма? Қозғалыс еркіндігіне бөгет болды ма?
- Ол үйінен емін-еркін жалғыз шыға алды ма? Мәселен, отбасы мүшесі емес ермен шыға алды ма?
- Ол үстіне қандай киім киетініне байланысты шектеулер болды ма?
- Оған қандай ресми білім деңгейі қолжетімді болды? Ол жұмыс істеді ме?
- Әжеңізде жұбайын таңдауға мүмкіндік болды ма?
- Оған көлік жүргізуге рұқсат етілді ме?

Гендерді түсіну контекстке байланысты. Бұл дегеніміз, ол бір қоғам шеңберінде әртүрлі жерлерде өзгеруі мүмкін. Қалалық және ауылдық өмір арасындағы айырмашылықтар туралы, рөлдер мен міндеттер туралы, сондай-ақ қала мен ауылда тұратын әйелдер мен ерлерге қатысты ой-пікірлер мен нормалар туралы ойланып көріңіз.

Кез келген қоғамда сонымен қатар **мәдени ықпал (ерекшеліктер)** бар. Көптеген әлеуметтік түсініктер мен нормалар достар/көршілер/жұмыстағы әріптестер арасында ортақ болғанымен, гендерді түсінуге сонымен бірге әртүрлі мәдени сенімдер мен тәжірибелер әсер етеді. Мысалы, дін, тарих, киім, тамақтану, тұрғын үй және отбасылық міндеттер.

Өмірде болып жатқан өзгерістер жылдамдығы бір қоғам шеңберінде де әртүрлі болуы мүмкін және олар **ішкі және сыртқы ықпал етулерге тәуелді болады. Ішкі ықпал етуге:** заңдар мен нормативтік актілер, саяси шешімдер, білім беру, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары жатады, **ал сыртқы ықпал етуге:** әлеуметтік желілер, теледидар мен кино, шетелге саяхат, көші-қон сияқты тақырыптар жатады.

Осында көрсетілген кейбір ықпал етулер маңызды әрі ауқымды болып табылады және гендердің қалыптасқан түсініктері мен іс жүзінде жүзеге асуына сыни баға береді. Бұрыннан бері қалыптасып қалған жағдайдың өзгеруі туралы ойлау әрдайым қолайсыздықты тудырады.

ЫҚПАЛ ЕТУ САЛАЛАРЫ¹ -

- Әйелдер мен ерлердің болжамды рөлі

Әдетте, әйелдердің ықпал ету салалары «үй» - балалар, отбасы, жұбайы, мектеп және әлеуметтік іс-әрекеттер болып табылады. Ерлердің ықпал ету салалары көбіне көпшілік алдында – жергілікті және ұлттық басқару органдары, нарықтық қатынастар, халықаралық ұйымдар, әсіресе, қауіпсіздік секторы. Сондай-ақ, ерлердің ықпал ету салалары көп жүріп-тұруды және еркін қозғалуды көздейді.

Әйелдер мен ерлер, олардың ықпал ету салалары, мүдделері, қабілеттері мен жеке қасиеттері туралы кең тараған көзқарастар, өз кезегінде, белгілі бір адамға қатысты теріс түсінушілік пен кемсітушілікке алып келетін стереотиптерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Стереотип – бұл белгілі бір адамның немесе заттың кең таралған, бірақ оңайлатылған бейнесі².

¹ USIP “Women Preventing Violent Extremism: charting a new course.” Thought for Action Kit, 2015]. [«Әйелдердің зорлық-зомбылығын болдырмау: жаңа курсты әзірлеу». «Іс-әрекеттер жасауға арналған идеялар» тәжірибелік құралы].

² Oxford Canadian Dictionary of Current English Usage, OUP 2005

СТЕРЕОТИПТЕР:

Мысалы:

Ер адамдар – эмоционалды тұрғыдан мықты, қаһарман, қорғаушылар, өз отбасын асырай алатын, батыл, еңбекқор, көшбасшы бола алатын және т.б қасиеттерге ие. Әлемде ғылым мен IT, басқару, қауіпсіздік, көлік және логистика сияқты барлық салалардағы жетекші лауазымдардың (дәрігерлер, адвокаттар, саясаткерлер, академиялық топтар) көпшілігін ер адамдар атқарады.

Мемлекеттік шекараны қорғау саласында жұмыс істейтін ер адамдар үшін жұмыс түрі мен орнында, сондай-ақ даму және алдағы перспективаларында әртүрлі мүмкіндіктер бар. Олар әлдеқайда мобильді және жоғары басқарушылық лауазымдарына ие.



Мысалы:

Әйелдер мұқият, жұмсақ, мәнерлі, қамқор, креативті, эмоционалды, жасқаншақ және өзіне басқару және бағыт беруді - т.б. қажет етеді. Осы стереотиптердің негізінде әйелдер көбіне «қамқорлықты» қажет ететін мамандықтарда (медбикелер, мұғалімдер, балаларды және қарттарды күту жөніндегі мекемелердің қызметкерлері), әкімшілік/қаржы саласында, бөлшек саудада жұмыс істейді. Сондай-ақ, олар жалақысы төмен және жоғары білікті талап етпейтін жартылай жұмыс күні берілетін жұмыстарда істейді, себебі олар үй міндеттерін де орындауы қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік шекараны қорғау саласында жұмыс істейтін әйелдер көбінесе жаттықтырушылар, хатшылар, бухгалтерлер, администраторлар, офисті жинап тазалаушылар, кадр қызметі сияқты стереотипіне сәйкес келетін жұмыстармен шектеледі.



Стереотиптер, әдетте, теріс түсініледі және әділетсіз болады, олар ерлерге де, әйелдерге де зиян келтіруі мүмкін.

Көп жағдайда ерлер мен ұлдар әйелдер мен қыздарға қарағанда едәуір әлеуметтік, экономикалық және саяси өкілеттіктерге байланысты гендерлік рөлдерді ойнайды. Демек, ер адамдар мен ұл балалар өздерінің өмірлеріне қатысты, және де қоғамдастықтар мен отбасылардағы шешім қабылдауда көбірек өкілеттіліктері бар және олар зор дербестікке ие³.

Әйелдер мен қыздардың көбі өз өмірлерін басқаруға, соның ішінде өз денелері, отбасы мәртебесіне қатысты шешімдер қабылдауға және әлеуметтік, экономикалық немесе саяси ресурстарға қатысты қолжетімділікке мүмкіндіктері жоқ.

ГЕНДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРҒА ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР?

Әдетте қауіпсіздік қызметтерінде жұмыс істеу үшін «ерлердің» дағдылары мен қасиеттері қажет деп саналады (физикалық және эмоционалды мықты болу, тәртіпті, атыс қаруын қолдануға қабілетті қорғаушылар, қылмыскерлерге қатігез және т.б.). Сонымен қатар, бұл мамандық отбасы өмірі үшін қолайсыз деп есептеледі, себебі ол көбіне үйден тыс болу және үйден алыс жерлерге барып жұмыс істеуді көздейді деп саналады.

Сондықтан гендерлік мәселелерді/гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясы еске алынбайтын жұмыс орындарында әйелдер «әйелдік» қасиеттері бар ретінде стереотиптелген және лайықты кандидаттар ретінде қарастырылмайды. Мұндай қарым-қатынас әйелдер үшін мүмкіндіктерді шектейді және қорғау қызметі саласына бағалы таланттардың келуіне бөгет қояды, бұл шекара қызметтерінде әйелдердің неге аз жұмыс істейтінін түсіндіруге көмектеседі.

3 Inter-Agency Standing Committee (IASC), "The Gender Handbook for Humanitarian Action," IASC Reference Group on Gender and Humanitarian Action, February 2018

[Ведомствоаралық тұрақты комитет (ВТК), «гуманитарлық іс-әрекеттерге арналған гендер бойынша анықтама», гендер және гуманитарлық іс-әрекеттер бойынша ВТК референттік тобы, ақпан 2018]

Шекара қызметінде гендер мәселесі назарға алынбайтын лауазымдардың мысалдарын қарастырайық:

- көбінесе жоғары басшылық лауазымдарда ерлер болады,
- ерлердің үстемдігіне сүйенген жүріс-тұрыс нормалары және қарым-қатынас,
- әйелдер персоналы көбінесе төмен тұрған лауазымдарда, әдетте ықпал ету мен өкілеттікті көздемейтін әкімшілік және басқа да позицияларда жұмыс істейді,
- операциялар жүргізу кезінде гендерлік интеграция байыпты қабылданбайды,
- жыныстық зорлық-зомбылық/қорлау жағдайларын тергеуге ресурстар жеткіліксіз бөлінеді немесе ресурстар мүлдем жоқ,
- әйелдер үшін қызмет бабында жоғары позицияларға өсу мүмкіндігі жоқ,
- қызметке кірісу кезіндегі кемсітушілік физикалық талаптар,
- әйелдердің қажеттіліктерін (тұрғын үй, санитарлық-техникалық үй-жайлар, киетін киімі және т.б.) тиісінше есепке алмау.



Егер халықтың құрамын көрсететін әр түрлі жұмыс күші тартылған болса, шекараны қорғау қызметтері өзгеше болар ма еді?



Бұл жұмыс тиімділігіне әсер ете ме?

Келесі артықшылықтарды қарастырайық:

- Қылмыстық әрекеттердің алдын алу, анықтау және тергеу қабілетін арттыру;
- Шекара маңындағы қоғамдастықтардың барлық мүшелері арасында сенімді қарым-қатынас орнату, дұшпандық пен күдіктілікті азайту қабілетін арттыру;
- Шекара қызметінің қызметкерлері – ерлермен сөйлесе алмайтын немесе сөйлескісі келмейтін осал адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Шекара қызметінің қызметкерлері – әйелдер құдалауға және зорлық-зомбылыққа байланысты босқын әйелдердің босқын мәртебесін беру туралы өтініштерін қарау үшін лайықты болады⁴;
- Адам саудасының құрбандары болған әйелдер мен қыздар, ерлер мен ұлдар үшін оларға қылмыскерлер ретінде емес, құрбандар ретінде қараумен тиісті түрде сұхбат/тергеу жүргізуді және қызмет/көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

⁴ Бұл артықшылық стереотиптік «әйел» қасиеттеріне емес, босқындар мәртебесін беру туралы мәлімдемелер олардың белгілі бір топ мүшелері ретінде құдалауымен негізделетін болады. Бұл топ – «әйелдер». Сондықтан, олардың тергеу жүргізу тәжірибесін ескере отырып, шекара қызметінің әйел – қызметкерлері осы міндетті орындау үшін дайын болып келеді.

Басқа артықшылықтарға қатысты ұсыныстарыңызды қосыңыз...

Әйелдерді жұмысқа қабылдау, жұмыста қалдыру және қызмет бабында жоғары позицияларға ілгерілету үшін формалдық және тәжірибе жүзіндегі кедергілерді жою, сондай-ақ отбасы мен жұмыс арасындағы баланс маңыздылығына ерекше назар аудару, және де әйелдердің ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін медициналық қызметтер көрсету - осылардың барлығы жалған ойлар мен кемсітуді жою үшін аса маңызды қадамдар.

Шекара қызметіне гендерлік перспективаларды интеграциялау барысында осы қызмет түрі сәйкес біліктілікті даярлаған әйелдер мен ер адамдар үшін анағұрлым тартымды мамандыққа айналады. Сондай-ақ, бұл жұртшылықтың алдында адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді сақтаудың және сенім мен құрмет қатынастарын дамытудың тиісті көзқарасын көрсетеді.



Гендерлік теңдік дегеніміз әйелдер мен ерлер үшін олардың жынысына қарамастан тең құқықтарға, мүмкіндіктерге, ресурстарға және сыйақыларға тең қол жеткізуді білдіреді.

Гендерлік теңдік әйелдер мен ерлер бірдей дегенді білдірмейді, бірақ әйел немесе ер болып туу факті олардың өз құқықтарын жүзеге асыруды, мүмкіндіктер мен өмірлік мүмкіндіктерін пайдалануды анықтамайды және оларды шектемеуі қажет.

Мемлекеттік шекараны күзету мен шекаралық бақылау саласындағы гендерлік теңдіктің стратегиясы
(<https://elearning.osce.org/>)

Гендерлік талдау және гендерлік теңдік туралы толық ақпаратты Канада Үкіметінің әйелдер мәртебесі туралы сайтынан қараңыз: www.cfc-swc.gc.ca содан кейін GBA+ сілтемесі бойынша және жыныстық/гендер және теңдік/әділдік мәселелері бойынша онлайн анимациялық мини-курстарға өтіңіз.

ГЕНДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІ ТҮРДЕ

шекаралар қауіпсіздігі мен шекара режимінің әйел мен ер қызметкерлеріне арналған нұсқаулық

ЕҚЫҰ Хатшылығының Трансұлттық қауіп-қатерлерге ден қою департаменті халықаралық сарапшы Анжела Маккейге (Канада) осы брошюраның мазмұнын әзірлегені үшін өз алғысын білдіреді. Анжела Маккей – гендерлік теңдікке, адам саудасына және шекараларды басқаруға қатысты тақырыптарға маманданған тәуелсіз консультант. Сондай-ақ, ол «Гендер және шекараларды басқару» тақырыбындағы 2008 жылғы гендер мен қауіпсіздік секторының реформасы бойынша DCAF публикациясының авторы болып табылады. Бұдан басқа, Анжеланың қызметі көптеген халықаралық жерлерде ЕҚЫҰ, ХҚҰ, БҰҰ ДБ, GIZ және ЮНЕСКО үшін қауіпсіздік секторы мен гендерлік теңдік мәселелері бойынша миссиялары үшін зерттеулер мен оқытулар жүргізуді құрады.

Дизайн: Сабухи Хусейнов / Фото: iStock, Depositphotos.

© ЕҚЫҰ, 2020

Осы публикацияны пайдалану, аудару және тарату құпталмайды. Алайда, материалдарды мойындап, дәйексіз келтіруді, және мазмұнын өзгертпеуді сұраймыз.

Аталған брошюраны Трансұлттық қауіп-қатерлерге ден қою департаменті / Шекаралар қауіпсіздігі мен шекаралық режим мәселелері бөлімі «Шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен оларды басқару мақсатында әйелдердің жетекшілігі және құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша бастамасы» бюджеттен тыс жобасы аясында жарияланды. Оның мазмұнын міндетті түрде ЕҚЫҰ-ның саясаты мен ұстанымын көрсетпейді.

Follow OSCE



ЕҚЫҰ Хатшылығы,
Трансұлттық қауіп-қатерлерге ден қою департаменті
Шекаралар қауіпсіздігі мен шекаралық режим мәселелері бөлімі

Уаллнерштрассе 6
1010 Вена, Аустрия
Офис: +43 1 514 36 6702
Электрондық пошта:
borders-at@osce.org

Е Қ Ы Ұ

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы